

наук: Исторические науки. Тезисы юбилейной конференции. Ярославль, 1995. 41-44 б.

В данной статье автор рассматривает роль и значение Русской духовной миссии в Пекине. Внимание уделяется на миссионерскую, научную и

дипломатическую деятельность данной миссии.

In this article author consider the role and meaning of Russian spiritual mission in Beijing. Attention is given to missionary, scientific and diplomatic activities of this mission.

Ж.Е. Ашинова

ЖАПОНИЯ ЖӘНЕ ҚЫТАЙДЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҮДДЕЛЕРІ

Жаңа ғасырда Орталық Азияның халықаралық саясатта алатын орны күннен күнге өсуде. Ол ірі державалардың бәсекелестігі мен мүдделерінің қақтығысуының аймағына айналып отыр. Орталық Азияның жалпы геосаяси жағдайы халықаралық аренада ірі және аймақтық державалардың қайшылығының өсуінен, сондай-ақ Орталық Азиядағы табиғи ресурстар үшін жетекші елдердің геосаяси күресімен айқындалады.

Қарастырылып отырған аймақтың орталығында мемлекетіміз - Қазақстан орналасқан. Аймақтағы жағдайды талдай келе, мемлекетіміздің елбасшысы Н.А.Назарбаев былай атап өткен болатын: «Кейінгі 500 жылдан бері еліміз тәуелсіздігін алғалы алғашқы рет біздің аймақ әлемдік экономикада экономикалық маңызы бар елге айналды. Біз өзіміздің транзиттік мүмкіндіктерімізді күшейту үстіндеміз, әлемдік нарыққа мұнай, газ, руда және ауылшаруашылық өнімдері сияқты құнды тауарларды жеткізіп жатырмыз. Ежелгі «Жібек Жолының» бағытымен салынып жатқан ХХІ ғасырдың жаңа мұнай-газ құбырлары, авто және темір жолдары көрінуде... Қазір біздің алдымызда таңдау түр: әлемдік экономикада мәңгі шикізат көзі болып қала беру және келесі империяның келуін күту немесе Орталық Азия аймағының маңызды интеграциясына бару» [1].

Бүгінгі күні Жапония мен Қытайдың сыртқы экономикалық бағытында бұл аймаққа үлкен көңіл бөлініп отыр. Жапония мен Қытайдың шикізат ресурстарына қажеттіліктері күннен күнге өсуіне байланысты олар Орталық Азияда орналасқан республикаларға үлкен қызығушылық танытып жатыр. ХХІ ғасырдың басынан бері Жапония мен Қытайдың мүдделері Орталық Азия аймағында да түйісе бастады. Міне, сондықтан да екі алпауыт мемлекеттің Орталық Азиядағы экономикалық және саяси мүдделері және оларды салыстыру өзекті тақырып болып табылады. Бұл мақалада Жапония мен Қытайдың аталған аймақтағы, оның ішінде, әсіресе Қазақстандағы мүдделеріне ерекше көңіл бөлініп, салыстырмалы талдау жасалынады.

Жапония мен Қытайдың Орталық Азияға қатысты саясатында ұқсас ортақ жері белгілі, олар үшін Орталық Азияның Азия Тынық мұхит аймағының «проекциясына» айналуы өте маңызды болып табылады. Олар Азия Тынық мұхиты аймағын (АТА) кеңейтуді Орталық Азия елдерін тарту арқылы жүзеге асырмақ. Яғни, бұл аймақ АТА үшін табиғи резерв ретінде қабылданады. Бұл жаңа серіктестер, жаңа шикізат көздерін, аймақтық дамудың жаңа резервтерін иеленуге байланысты болып табылады. Азия Тынықмұхит аймағының кеңейту саясатын жүргізу үшін халықаралық ұйымдар, әсіресе, Азиялық даму банкі қолданылуда. Қытай белсенді түрде ШЫҰ арқылы жүзеге асырылып жатқан «энергетикалық клуб» және «еркін сауда аймағы» жобаларын пайдалануда [2, 343].

1990 жылдың ортасы мен аяғында Қытайдың Орталық Азияға қатысты саясатында жаңа тенденциялар байқалды. Тұрақтандыру саясатынан интеграциялық саясатқа өту элементтері пайда болды. Қытай сарапшыларының айтуы бойынша, аймақтағы Қытай саясаты былай сипатталды: «...Пекиннің орталық азиялық стратегиясы ұзақ ізденістер мен дайындықтар нәтижесінде айқындалды. ШЫҰ негізделе отырып, ол аймақтағы проблемаларды шешуге қатысуға, оның елдері арасында қатынастарды жақсартуға, тұрақтылық пен гүлденуге, сонымен қатар, Орталық Азиядағы ресурстарды игеруге бағытталған стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталады» [3, 164-165].

Жапонияны Орталық Азиядағы Қытайдың белсенділігі мен батысқа жылжуы мазалайды. Қытай экономикасының өсуі тұрақты дамуды қамтамасыз ететін табиғи ресурстарды қажет етеді, арзан ресурстар көршілес Орталық Азия елдерінде, евразиялық континенттің ішінде орналасқан, ал Жапония үшін осының бәрі қол жеткізуі қиын болғандықтан алаңдаушылықты тудырады. ШЫҰ – Шығыстағы жаңа күш орталығының құрылуы мен оның қызметі Жапония үшін Қытайдың жоғары көтерілуімен тең, өйткені жақын болашақта оның маңында

көршілес ұсақ және орта мемлекеттер саяси жағынан тартылады деп күтілуде.

Орталық Азиядағы Жапония саясатында үлкен территориялық алшақтық және тарихи серіктестік дәстүрінің жоқтығы экономикалық құралдарды пайдалануға итермелейді. Сонымен қатар, Жапонияның Қытаймен ортақ геосаяси мүддесі бар: Орталық Азия даму бағытын Азия Тынық мұхит аймағына бағыттау.

АҚШ-тың Жапониямен дәстүрлі әскери саяси серіктестігі Орталық Азиядағы саясатта да жүзеге асырылып отыр, себебі Жапония америкалық жобаларды («Ұлы Жібек Жолын» салу, терроризммен күрес) экономикалық және гуманитарлық шаралармен ұштастырады. Жапония батыс коалиция мүшесі және Азия Тынық мұхиты аймағының державасы ретіндегі мүдделері арасында үйлесімділікті іздеуде. «Ұлы Жібек Жолы» жобасы осындай үйлесімділіктің ең жақсы тәсілі болып табылады [4, 178].

Қазіргі батыс зерттеушілері Орталық Азиядағы Жапонияның сыртқы саяси бағытын зерттей келе, Жапонияның белсенді түрде АҚШ пен ЕО бірлесе отырып, Ресейден тыс өтетін Ұлы Жібек жолының салуын, Орталық Азия елдерінің Батысқа бағытталуы саясатында өте тиімді деп қорытындылайды. Орталық Азияда транспорттық инфрақұрылым нашар дамуына байланысты, бұл жоба үлкен капитал салуды талап етеді. Жапонияның үлкен қаржылық мүмкіндіктеріне қарамастан, бұл жобаны жалғыз жүзеге асыра алмайды, бірақ басқа елдермен біріге отырып бұл жобаны аяғына жеткізуіне болады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі біріншіден Ұлы Жібек жолын қалпына келтіру идеясын жүзеге асуын талап етеді [5-8]

Жапония (және негізінен ол қадағалайтын Азия даму банкісі) аймақта ірі инвестор болып табылады. Орталық Азия аймағында жүзеге асырылатын барлық транспорт жүйесін дамыту (темір жол, автокөлік, оптика волокондық және авиациялық) жобаларын тікелей не жанама қаржыландырады. «Ұлы Жібек жолы» идеясына сәйкес Азия Тынықмұхит аймағы мен Европаны байланыстыратын транспорттық магистраль құру идеясы алға қойылады. 1997 жылы Жапония ОА-дағы бағытын қалыптастырып, оны «Ұлы Жібек жолы дипломатиясы» деп атады. 2004 ж. қарым-қатынастарды дамытудың жаңа жоспары ұсынылды. Оның негізгі аспектісі ретінде Орталық Азияны «бейбітшілік пен тұрақтылық коридорына» айналдыру болды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін «Жапония және барлық орта Азиялық мемлекеттері» кеңестік тобы құрылды [10].

Жапонияда, аталып өткендей, ШЫҰ қызметі оның стратегиялық мүдделеріне қауіп туғыза-

тын және адекватты жауапты талап ететін үндеу болып табылады. Соған қарамастан, Жапонияның Орталық Азияда геосаяси белсенділігі «бөтен аймақтағы ойын» секілді және оны тиімді жүргізу үшін Жапонияда жеткіліксіз арнайы саяси дипломатиялық тетіктерді қажет етеді. 2006 жылдың 28 тамызында Жапонияның сыртқы істер министрі пресс секретарының орынбасары Нориюка Шиката Орталық Азиядан өз еліне 2 000 студент қабылдайтынын мәлім етті. АҚШ және еуропалық мемлекеттер сияқты Жапония білім бағдарламалары арқылы Орталық Азияның белсенді жастарымен жұмыс істеуді бастады, жапон менталитетімен таныс болашақ саясаткерлер мен мансапкерлердің генерациясын құруды қолға алды. Жапония үшін бұл маңызды тәжірибе болып есептеледі [11].

Бәріне мәлім, Жапонияны Орталық Азия өзінің табиғи ресурстарымен қызықтырады. Табиғи және уран қорымен танымал Қазақстан Жапония үшін негізгі қызығушылық объектісі. Бүгінде әртүрлі бағалау бойынша, Қазақстан әлемдегі уранның 30% иеленеді. Әлемдік нарықта уранға деген бағаның өсу тенденциясын ескере отырып, Жапонияның Қазақстанға деген қызығушылығының себебін түсінуге болады.

Сонымен қатар, Жапония Қазақстан және басқа аймақтармен тығыз қатынас орнатуға тырысуда. Бүгінгі күні Қазақстан территориясында 15 жапондық компаниялар қызмет етуде, олардың ішінен «Мицубиси», «Иточу», «Мицуи» т.б., мұнай өңдеу және энерготасумен айналысатын компанияларды көруге болады. Жапон экономикасының Таяу Шығыс елдерінен, яғни араб мұнайынан 85% астам тәуелді екенін ескере отырып, Токионың Орталық Азия республикаларына, соның ішінде Қазақстанға қызығушылығын түсінуге болады [12].

Отандық зерттеушілерінің пікірінше, Жапонияның Қазақстанға қызығушылығын негізінде: әлемдік энергетикалық нарық тұрақтылығын қамтамасыз етуде аймақтың мұнай-газ әлеуетіне бақылау жасау, болашақта аймақтың транзиттік коммуникациялық мүмкіндіктерін пайдалану (Жапонияны Еуропамен байланыстыратын жаңа бағыт құру), халықаралық деңгейде Жапонияға саяси қолдауды қамтамасыз ету (БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде оның тұрақты мүше болуын қолдайтын мемлекеттер қатарын көбейту) жатыр. Сонымен, «Күншығыс елінің» сыртқы мүдделері: ел экономикасы үшін үздіксіз мұнай тасымалын қамтамасыз ету және мұнай нарығы тұрақтылығын сақтау, сыртқы нарықтағы жапон компанияларына қосымша мүмкіндіктер беру, Жапонияның халықаралық саяси ықпалын нығайту және оны әлемде қаржы экономикалық

мүмкіндіктеріне сәйкес деңгейге жеткізу болып табылады [13, 176].

Жалпыға мәлім, Жапония мүдделері үшін дәстүрлі сала Азия Тынықмұхиты аймағы болып табылады, территориялық жағынан алшақ Орталық Азия оның дәстүрлі қызығушылық саласына қатысты емес. Бірақ Жапония бүгінгі күні соғыстан кейінгі уақытта қалыптасқан сыртқы саяси қатынастарының жүйесін қайта қарауда. Осы орайда Орталық Азия бағыты Жапония сыртқы саясаты үшін болашақта тиімді бағыт болуы әбден мүмкін.

Қазақстанға Қытайдың экономикалық енуі. 1990 жылдары І жартысында Қазақстанға Қытайдың экономикалық енуі тек сауда саласымен шектелді. 1992-1995 ж. аралығында қытай тауарларының көлемі жылына 130-250 млн. долл. құрады (екіжақты тауар айналымы жыл сайын 210-450 млн. долл.). Сауда стихиялы және бақылаусыз сипатта болды. Кең тұтыну тауарларын жеткізу ҚХР Синьцзян Уйғыр автономиялық аймағы мен ҚР шекарасында 1992 жылы құрылған алты шекаралық асулар арқылы жүзеге асырылды: Хоргос, Достық (Дружба), Алашанькоу, Бахты, Джеминау, Алексеевка -Акчюп, Долаты.

Қытайдың кең тұтыну тауарларын жеткізу бүгінгі күні де ерекше маңызды орын алуда. Басында, КСРО үкіметінің құлдырауынан ҚР өндірістің өңдеуші саласы қызметін тоқтатқандықтан, қытай тауарлары қазақстандық нарықта үлкен сұранысқа ие болды. Сонымен қатар, Қазақстан қосымша қытай тауарларының көрші елдерге Өзбекстан мен Ресейге реэкспорттан пайда ала бастады.

Қытай үшін Қазақстанмен сауда экономикалық қатынастары ҚХР Синьцзян Уйғыр автономиялық аймағының дамуының негізгі факторы болды. Жалпы алғанда, Орталық Азия елдері ішінде Қазақстан Қытайдың негізгі сыртқы сауда серіктесі болып табылады [2, 342-366].

Қазақстан бұрынғыдай Орталық Азияда Қытайдың экономикалық мүдделерінің негізгі объектісі болып табылады. ҚХР-дің Қазақстанға ену көлемі посткеңестік кезеңнен бастап өсіп келеді. Алғашында, қытай экономикалық мүдделері транспорт коммуникациялық байланыстарды дамыту мен сауда саласын қамтыса, XX ғасырдың 90 жылдарынан бастап, Қазақстанда Қытайдың жобалық- инвестициялық қызметі белсенді бола бастады. Негізгі бағыт мұнай-газ саласы мен оны тасымалдауға бағытталған транспорт және коммуникация болып табылды. XXI ғасырдан бастап Қазақстан экономикасының түрлі салаларында қытай енуінің диверсификациясы байқалады және ҚР Қытайдың өз экономикасына енуі үшін өз жағынан үлесін

қосуда, ал соңғы жылдары қытай мүдделерін шикізаттық емес өндірістік-инновациялық секторларға бағыттауға тырысады.

2009 жылдың сәуір айында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қытайға сапарында Қазақстанға 10 млрд. долл. көлемінде несиелер беру туралы кезекті келісімге қол жеткізілді (ҰК «Қазмұнай-газ» үшін 5 млрд. доллар, ал қалған 5 млрд. долл. ҚР банк жүйесін тұрақтандыру үшін). Осындай несиелер көлемін берудің басты мақсаты әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында қазақстандық экономикаға қолдау көрсету болып табылады. Өз кезегінде, ҚХР Қазақстанның минералды ресурстарына, оның ішінде ТЭК салаларына еркін қол жеткізуге мүмкіндік алды. Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысты ескерсек, Қазақстанға қытай экономикалық енуінің сипатын болжау қиынға түседі [14].

Қазақстандағы Жапония мен Қытайдың экономикалық мүдделерін салыстырып талдай келе, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

Қазақстан Орталық Азия аймағында Жапония мен Қытай үшін негізгі экономикалық мүдделерінің объектісі болып табылады. Кейбір зерттеушілердің әділетті саралауы бойынша [15], Азия Тынықмұхиты аймағында ортаазиялық ойыншылар арасында «енбек бөлінісі» пайда болды. Қытай негізгі сауда серіктесі, ал Жапония негізгі несиелер беруші ретінде орын алады.

Жапонияның Қазақстанға қызығушылығы негізінде, біріншіден, әлемдік энергетикалық нарық тұрақтылығын қамтамасыз етуде аймақтың мұнай-газ әлеуетіне бақылау жасау, екіншіден, болашақта аймақтың транзиттік коммуникациялық мүмкіндіктерін пайдалану, үшіншіден, халықаралық деңгейде Жапонияға саяси қолдау көрсетуді қамтамасыз ету.

ҚХР-на қатысты, энергетикалық саладағы қатынас Қазақстан мен Қытай арасындағы кооперацияның басым саласы болып табылады, оның үстіне, ол жалпы екіжақты экономикалық қатынастардың кеңеюіне септігін тигізетін негізгі бастау болып табылады. Қытайдың Қазақстанға деген экономикалық мүддесі оның энергетикалық саясатымен байланысты, еліміздің мұнай көздері аймақтарын қытай экономикасы үшін тұрақты және сенімді жылу көзіне айналдыру мақсатынан туады. Қазақстан-Қытай энергетикалық серіктестігінен көріп отырғанымыздай, Қытай Қазақстанның мұнай қорына қол жеткізіп, оны игеру құқығы мен тасымалдау құқығына иеленуге басты назар аударып отыр.

Қазақстанмен ядролық-энергетикалық салада серіктес болуға Қытай да, Жапония да үлкен көңіл бөледі. Осы бағытта олардың мүдделері қиылысады.

2007 жылы казахстандық ұлттық компания «Казатомпром» мен қытай мемлекеттік Гуандун атом энергетикалық корпорациясы (China Guangdong Nuclear Power Holding - CGNPC) арасында Қытай АЭС үшін ядролық сұйық отын жасау саласында және ҚХР атом энергетикасын ресурстармен қамтамасыз ету саласында «Стратегиялық серіктестікті нығайту мен кеңейту туралы» келісім жасалды. Бүгінгі күні, «Казатомпром» ҚХР-мен өзінің еншілес кәсіпорны арқылы Қытайға бериллий жеткізумен байланыста. Қазақстаннан басқа осындай өнім тек АҚШ-та өндіріледі.

Жапониямен қатынас туралы айтатын болсақ, серіктестікті одан әрі нығайту мақсатында 2008 жылдың мамыр айында Қазақстанның энергетика және минералды ресурстар министрі Сауат Мыңбаев және Жапонияның экономика, сауда және өндіріс вице-министрі Канае Ямамото атом энергиясын бейбітшілік мақсатында пайдалану туралы меморандумға қол қойды. Бұл осы салада Қазақстан мен Жапония арасындағы серіктестіктің негізгі принциптері мен бағыттарын айқындайтын базалық құжат болып есептеледі.

Энергетикалық фактор барған сайын Қазақстанның Қытай мен Жапония қатынастарында ерекше маңызға ие болып келе жатыр. Қазақстандық зерттеушілердің айтуынша, ол болашақта Қазақстанның Қытаймен де, Жапониямен де қарым-қатынастарында негізгі мәселеге айналады.

Сауда-экономикалық қатынастарға тоқталатын болсақ, Қазақстан үшін Қытаймен сауда экономикалық байланыстары ерекше маңызды болып табылады. Қазақстан мен Қытайдың шекарасының жалпы ұзындығы 1700 км. Екі ел арасында сауда айналысы күннен күнге өсуде. Бүгінгі күні Қытай әлемдік фабрикаға айналып отырғанын ескеретін болсақ, Қазақстан үшін ол болашағы зор нарық, яғни екі елдің сауда байланыстары екі жаққа да тиімді.

Ал енді Жапония мен Қазақстанның арасындағы сауда байланыстарына тоқталатын болсақ, олар әлдеқайда өзгеше, тауар айналымының деңгейі екі жақты толыққанды сауда серіктестері деп танудан мүлдем алыс. Сауда-экономикалық қатынастар дамуына ең басты кедергі ретінде транспорттық проблеманы атап өттік, себебі көптеген тасымалдар транзиттік жолмен жүзеге асырылады. Қытай тауарларымен салыстырғанда жапондық тауарлардың технологиялық деңгейі жоғары болуына байланысты олардың құны да біршама қымбат [17].

Өндірістік мақсаттағы тауарлардың экспортын қолдау ретінде жапон үкіметінің мемлекеттік сақтандыру кепілдігі саясатын атап өтуге

болады, ол жапон жағының экономикалық көмек көрсетудің жалпы бағдарламасына енгізілген. Кезінде Жапонияның өнеркәсіп және сыртқы сауда министрлігі Қазақстанға экспортты ұлғайту мақсатымен 300 млн. долл. Көлемінде сауда сақтандыру жүйесін ашқан болатын [13, 184-185].

ҚР индустрия және сауда министрлігінің мәліметтері бойынша, 2008 жылдың бірінші кварталының қорытындысы бойынша, екіжақты тауар айналымы алдыңғы жылдың осы уақыттағы көрсеткіштерімен салыстырғанда 5,5 % өсті және 151,3 млн. долл. құрады, оның ішінде 114,9 млн. долл. казахстандық экспорт (37 % өсті), Жапониядан импорт 36,4 млн. долл. құрады (38,8 % төмендеді) [17].

Сонымен, Қазақстан үшін Қытай Халық Республикасы Жапониямен салыстырғанда маңызды сауда серіктесі болып табылады. Қытай экономикасының тез өсуі мен Қазақстанның ұзақ экономикалық дағдарысы оларды әр түрлі деңгейге қою мүмкін және Қазақстан Қытай үшін тек шикізат базасы ғана болып қала беру қаупі бар. Сондықтан да болашақта Қазақстанның сыртқы экономикалық бағытында осы жағдайларды қатаң ескеру керек.

Инвестициялық серіктестікті талдай келе, жылдан жылға Қазақстан экономикасына инвестициялық салымдар Жапония жағынан да, Қытай жағынан да жылдан жылға артып келе жатқанын ескере кеткен жөн.

Қытай компанияларының жобалық-инвестициялық белсенділігі көлемінің ұлғаюымен қатар, ҚХР қызығушылығының басты объектісі ретінде Қазақстанның мұнай газ саласы болып отыр, қытай компанияларының бұл салаға енуі шетел активтерін (негізінен батыстық) сатып алу саясатына негізделеді. Себебі 2001 жылға дейін Қазақстанның негізгі мұнайгаз кен орындарын іс жүзінде батыстық және ресейлік энергетикалық компаниялар бөліп алған еді. Ал 2003 жылдан бастап, көптеген батыс компаниялары (негізінде британдық, канадалық, америкалық) активтерін сата бастады да, оларды бірінші болып Қытай сатып ала бастады. Сонымен бірге, Пекиннің және қытай бизнесінің қазақстан экономикасының басқа да салаларында қатысу белсенділігі арта бастады. Нәтижесінде 2003 жылдан бастап ҚХР-дың Қазақстан экономикасына енуі тереңдей бастады, ал қытай компанияларының жобалық-инвестициялық қызметі мұнайгаз саласынан басқа Қазақстан экономикасының басқа да салаларын кеңінен қамтыды. Сонымен қатар, Қытай белсенді несиелік саясатын жүргізе бастады. Және бұл несиелердің негізгі бөлігі қытай компанияларымен игерілетін жобаларды қаржыландыруға бағытталды.

2008 жылдың соңына қарай бірлескен қытай қазақстандық кәсіпорындардың саны 480 асты (шекаралық сауда мен мұнайгаз саласын қамтыған), ал Қазақстанға қытайлық инвестициялар мен несиелер көлемі 8,5 млрд. доллардан жоғары болды. Ал 2010 ж. қытай несиелері тағы 10 млрд. долларға өсті, оның ішінде 2009 жылдың сәуір айында ҚР президентінің ҚХР-ға сапары кезінде келісімге келген «Қазмұнайгаз» Ұлттық Компаниясына арналған 5 млрд. долларды қоса есептегенде [14].

Жапонияның Қазақстандағы инвестициялық саясатына тоқталатын болсақ, ол да жылдан жылға артып келеді, бастапқыда бұрынғы барлық КСРО мемлекеттеріне жалпы қаржы-экономикалық көмегі шеңберінен тыс шыққан емес. Әдетте, бұл көмек жапондық үкіметтік ұйымдар арқылы жүзеге асырылады – халықаралық серіктестік Агенттігі (ЈСА) және шетелдермен экономикалық серіктестік Қоры (ОЕСФ). Жапон үкіметінің бадарламалары негізінде экономикалық серіктестік Қоры арқылы қазақстандық бірнеше жобалар жүзеге асырылуда. Сонымен қатар Жапон үкіметі Қазақстанға Жапон халықаралық серіктестігі агенттігі (ЈСА) және Жапонияның сыртқы істер министрлігінің бағытымен қайтарымсыз көмек көрсетуде.

Бүгінгі күні Жапония Қазақстан үшін қаржылай және техникалық көмек саласында ір донор мемлекеті болып саналады. Қазақстан Орта Азия мен Закавказье аймақтарында жапондық Дамуға ресми көмегі көлемінен алдыңғы орында. Жапон үкіметінің Дамуға ресми көмек бағдарламасы Жапония мен Қазақстан арасында экономикалық қатынастарының негізгі құралы болып табылады.

Қорытындылай келе, Жапония мен Қытайдың Орталық Азияда және Қазақстандағы саясатында ұқсастық бар екенін көруге болады. Екі жағдайда да экономикалық әсер ету басым, барған сайын серіктестік салалары кеңеюімен ерекшеленеді. Аймақты тұрақтандыру саясатынан қол жеткізілген экономикалық серіктестік негізінде біртіндеп интеграциялық институттар құруға көшуде. Көпжақты серіктестіктің әртүрлі институционалды құрылымдары белсенді түрде қолданылуда. Қазақстан өзінің тарапынан нық қадамын жасауда, оған ел басы Н.Ә. Назарбаевтың сөзі дәлел болады. Қазақстан халқына кезекті «Әлемнің бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына Қазақстанның қосылу стратегиясы» жолдауында Қазақстан Президенті былай деп жариялаған еді: «Жаһандық экономикаға интеграциялануға септігін тигізетін және біздің қолайлы экономикалық географиялық жағдайымыз бен бар ресурстарымызға сүйенетін көп-

жақты халықаралық экономикалық жобаларға Қазақстан қатысуы керек және қатыса алады да» [18, 40].

Қазақстан үшін Қытаймен де, Жапониямен де белсенді қатынас орнатуы, бұл екі алпауыт мемлекеттің Азия Тынықмұхит аймағындағы және әлемдегі саяси және экономикалық беделі мен мүмкіндіктерін ескерсек, болашақта ірі саяси және экономикалық дивидендтер беруі мүмкін. Сонымен қатар жапон және қытай инвестициялары Қазақстанның мұнайгаз саласының дамуына және жалпы ҚР экономикасының көтерілуіне септігін тигізетіні сөзсіз. Бірақ болашақта Қазақстан өзінің минералды ресурстарына бақылауынан айрылып қалып, Қытай немесе Жапонияға тәуелділік қаупі туындауы да мүмкін. Сондықтан Қытай мен Жапония Қазақстанның тек шикізат саласын игеріп, ал оның кешенді өнеркәсіптік-инновациялық дамуына көмегін тигізеді ме, жоқ па? Бұл сұрақ ашық. Болашақ, бүкіл әлем, соның ішінде Қазақстан әлемдік қаржы дағдарысынан қалай шығады, сонымен қатар, Қытай мен Жапония Орталық Азияда жүргізетін саясатында қандай өзгерістер енгізеді, соған байланысты.

- 1 Послание Президента республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации» Астана, 18 февраля 2005 года.
- 2 Казанцев А.А. «Большая игра» с неизвестными правилами: мировая политика и Центральная Азия. МГИМО-Университет, Москва, 2008, с. 381.
- 3 Ли Лифань. Геополитические интересы России, США и Китая в Центральной Азии// Центральная Азия и Кавказ. – 2004. № 3. – с. 164-165.
- 4 Казанцев А. Политика стран Запада в Центральной Азии: проекты, дилеммы, противоречия. Москва, МГИМО-Университет, 2009. – 186 с.
- 5 Hutchings Raymond. Japan's Economic Involvement in Eastern Europe and Eurasia, N.Y., St. Martin's Press, 1999;
- 6 Hickok, Michael Robert «The Other End of the Silk Road: Japan's Eurasian Initiative», Central Asian Survey, 19 no. 1, March 2000;
- 7 Ferguson R. James. Eurasia, Lecture 10: Geopolitics of the Silk Road: New Economic and Strategic Opportunities., The Department of International Relations, SHSS, Bond University, Queensland, Australia, 2002;
- 8 Tennenbaum J. The New Eurasian Land Bridge. Infrastructure Takes Shape. Schiller Institute. November 2, 2001.
- 9 Усубалиев Э. О возможной новой роли Японии в центральной Азии// <http://easttime.ru/analitic/1/5/94>.
- 10 Усубалиев Э. «Трансформация Центральной Азии в коридор мира и стабильности» - новая инициатива Японии// <http://easttime.ru/analitic/1/5/134>.
- 11 Асқар Нурша. Визит премьер-министра Японии в Казахстан: ожидания и итоги, 2006 г.// www.eurasianhome.org/.../expert.xml?..
- 12 Сидоров О. Интересы Японии в Центральной Азии: казахстанский вектор// Газета АПН Казахстан, 2006-11-20.// www.apn.kz

13 Политика и интересы мировых держав в Казахстане (под ред. Б. Султанова). – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 238с.

14 Экономическое присутствие Китая в Казахстане. 27.05.2009. Автор: В. Парамонов, А. Строчков, О. Столповский// Postsoviet-analytics@yandex.ru

15 Резникова О.В. Центральная Азия и Азиатско-Тихоокеанский регион// Мировая экономика и международные отношения – 1999. № 4. – с. 100-108.

16 Музапарова Л. Казахстано-китайское энергетическое сотрудничество: оценка потенциала и направления развития// Казахстан и Китай: стратегическое партнерство в целях развития. Материалы международной конференции. – Алматы: ИМЭП, 2006. – С. 17-27.

17 Национальное информационное агентство «Каз-Информ» <http://www.inform.kz>

18 Назарбаев Н.А. Казахстанский путь. – Караганда, 2006. – 372 стр.

Мақалада Жапония мен Қытай Халық Республикасының жалпы Орталық Азиядағы және Қазақстандағы ұстанып отырған саясаттары олардың экономикалық мүдделері тұрғысынан қарастырылады. Сонымен қатар аталған екі мемлекеттің Қазақстандағы саясатының басты бағыттары айқындалып, оған салыстырмалы талдау жасалынады.

In given clause the policy of Japan and the Peoples Republic of China holded in Central Asia and Kazakhstan is considered from position of their economic inquiries. Also mainstreams of policy of this two countries in Kazakhstan have been revealed and the comparative analysis has been lead.

П. Бектурганова, Ж.К. Киреева

ВНЕДРЕНИЕ МАРКЕТИНГОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В КНР

В настоящее время такое понятие как политический маркетинг становится все более используемым как в научной, так и в практической деятельности в мире [1, 2, 3, 4, 5], хотя данный термин в научной сфере еще не определен. Впервые анализ возможности применения маркетинговой теории к некоммерческим сферам деятельности появились в западной науке в конце 60-х годов XX века, где среди авторов можно назвать классика маркетинговой теории Ф. Котлера. Он полагал, что цель политического маркетинга заключалась в удовлетворении потребностей аудитории общественно-политических организаций, государственных учреждений, а также религиозных объединений [6].

В 60-70 гг. XX века французский социолог Пьер Бурдьё в своих работах развил концепцию политического маркетинга, когда ввел в практику политического дискурса категорию «политическое пространство», также в рамках его методологического подхода рассматривается процесс взаимодействия политических агентов друг с другом, в результате чего приобретает так называемый политический капитал [7]. При анализе этого явления в рамках классических понятий политологии, можно заметить сходство с политическим продуктом, который образуется в результате маркетингового взаимодействия субъектов политики. Мнение же о том, что маркетинговые технологии можно использовать в государственном управлении обосновывается в 70-е гг. XX века. В частности, исследователь Г. Маузер определил политический маркетинг как один из способов менеджмента. Но в то же время он называет его «технологией влияния на

поведение масс» [8, 5]. Политический маркетинг выделился из теории менеджмента политических кампаний. Хотя различия в экономическом и политическом маркетинге существуют, четко разграничить эти две категории на данный момент затруднительно. Это можно объяснить тесной связью политики с экономикой как формы общественных отношений. Таким образом, на данный момент сущностные принципиальные различия политических и коммерческих рынков, а также соответствующих традиционных и политических маркетинговых мероприятий не определены.

Маркетинг как система управления предприятием страной показал себя с наилучшей стороны во всех странах с рыночной экономикой. Экономическая реформа, осуществляемая в КНР более двадцати лет, уже привела к достаточно высоким темпам развития народного хозяйства и повышению жизненного уровня населения. В определяющей степени это явилось следствием перехода страны к рыночной экономике. При этом необходимо отметить, что на различных уровнях управления и в среде ученых-экономистов постоянно подчеркивается, что создаваемая система хозяйствования в первую очередь характерна тем, что учитывает **китайскую специфику** [9]. Каким же образом маркетинг внедряется в КНР?

Внедрение маркетинга в рыночную экономику с китайской спецификой означает, что поставлена задача органичного сочетания планово-административных и рыночных методов в управлении народном хозяйством. Другими словами, в Китае пытаются максимально изв-